

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 30 сәуірдегі № 425 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сауда қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., №

6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 54, 56-құжаттар; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат, № 23-24, 116-құжат; 2014 ж., № 1, 6, 9-құжаттар; № 2, 10, 11-құжаттар; 2014 жылғы 22 ақпанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 18 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2014 жылғы 15 наурызда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оңалту және банкроттық, салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 7 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 154-1-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиіп жібермей, құқыққа қарсы мақсаттарды көздеген мәміле (мәмілелер) жасасуы (оның ішінде шот-фактураны пайдалану арқылы жасасуы), сондай-ақ телекоммуникациялар желілерінде жасалған мәміле (мәмілелер), егер бұл іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса —»;

2) 204-1-бап мынадай мазмұндағы бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші бөліктермен толықтырылсын:

«5. Биржалық тауарлар тізбесіне енгізілген тауарларды қосарланған қарсы аукцион режимі арқылы Қазақстан Республикасының тауар биржалары бойынша заңнамасына сәйкес айқындалған тауарлар көлемін өткізу міндеттілігі жөніндегі талаптарды биржалық саудаға қатысушылардың орындамастан, тауар биржалары арқылы өткізуі —

ескерту жасауға әкеп соғады.

6. Осы баптың бесінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – шағын кәсіпкерлік субъектілері немесе коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларға – жетпіс, орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – жүз қырық, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға төрт жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

7. Тауар биржасының биржалық сауда-саттықтардың нәтижелері туралы ақпаратты өзінің интернет-ресурсында жариялау жөніндегі талаптарды орындамауы, уақтылы орындамауы – ескерту жасауға әкеп соғады.

8. Осы баптың жетінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

9. Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндетті талаптарды тауар биржаларының орындамауы – ескерту жасауға әкеп соғады.

10. Осы баптың тоғызыншы бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаға үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

11. Тауар биржаларының сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға Қазақстан Республикасының тауар биржалары туралы заңнамасына сәйкес табыс ету талап етілетін есептілікті уақтылы табыс етпеуі немесе табыс етпеуі, сол сияқты көрінеу жалған есептілікті табыс етуі – ескерту жасауға әкеп соғады.

12. Осы баптың он бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекет – заңды тұлғаға жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады. » .

2. «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., № 6, 44-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 17, 80-құжат; № 18, 84-құжат; № 24, 129-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 2, 11, 14-құжаттар; № 15, 81, 97-құжаттар; 2013 ж., № 14, 75-құжат; № 15, 81-құжат; № 21-22, 114-құжат; 2014 ж., № 1, 4-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1), 2-1), 2-2) тармақшалармен толықтырылсын:
«1-1) автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) – тауарлардың жекелеген түрлерінің

экспорты және (немесе) импорты серпінін рұқсат беру арқылы мониторингтеу мақсатында белгіленген уақытша шара;»;

«2-1) кедендік әкелу бажы – тауарларды Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағына әкелу кезінде кеден органдары өндіріп алатын міндетті төлем;

2-2) кедендік әкету бажы – тауарларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасымен тұспа-тұс келетін Кеден одағының бірыңғай кедендік аумағынан тысқары әкету кезінде Қазақстан Республикасының кеден органдары алатын міндетті төлем;»;

5), 6), 9) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кедендік баждардың квотадан тыс мөлшерлемесі – белгіленген тарифтік квотадан артық әкелінетін және (немесе) әкетілетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу немесе әкету бажының мөлшері (шамасы);

б) кедендік әкелу бажының квотаішілік мөлшерлемесі – белгіленген тарифтік квота шегінде әкелінетін және (немесе) әкетілетін тауарларға белгіленетін кедендік әкелу немесе әкету бажының мөлшері (шамасы);»;

«9) рұқсат – оған қатысты автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) белгіленген, нысанасы тауар болып табылатын сыртқы сауда мәмілесінің негізінде сыртқы сауда қызметіне қатысушыға уәкілетті орган беретін арнайы құжат;»;

мынадай мазмұндағы 9-1) тармақшамен толықтырылсын:

«9-1) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды тұлғалар немесе жеке тұлғалар;»;

11), 17) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«11) сауда желісі – ортақ басқарудағы және (немесе) бірыңғай коммерциялық белгімен немесе дараландырудың өзге де құралы аясында пайдаланылатын, екі және одан да көп сауда объектілерінің жиынтығы;»;

«17) тауарлардың сыртқы саудасы (сыртқы сауда қызметі) – тауарлардың импортымен және (немесе) экспортымен байланысты қызмет;»;

«21) айрықша құқық – сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тауарлардың жекелеген түрлерін экспорттауды және (немесе) импорттауды жүзеге асыруына айрықша лицензия негізінде берілетін құқық;»;

мынадай мазмұндағы 24) және 25) тармақшалармен толықтырылсын:

«24) электрондық саудаға қатысушылар – сатып алушы және сатушы және (немесе) делдал ретінде электрондық саудамен айналысатын жеке немесе заңды тұлғалар;»;

25) электрондық саудадағы делдал – электрондық сауданы ұйымдастыру бойынша қызмет көрсететін тұлға.»;

2) 3-баптың 2-тармағының 8) тармақшасындағы «камтамасыз ету болып табылады.» деген сөздер «камтамасыз ету;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 9), 10), 11) тармақшалармен толықтырылсын:

«9) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сыртқы сауда қызметін

мемлекеттік реттеу әдістерін қолданудың біртұтастығы;

10) сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу шараларын әзірлеудегі, қабылдаудағы және қолданудағы жариялылық;

11) сыртқы сауда қызметін мемлекеттік реттеу шараларын қолданудың негізділігі мен объективтілігі болып табылады.»;

3) 5-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын: «2-1) Кеден одағына мүше мемлекеттердің өзара сауданы жүзеге асыруы кезінде тауарларды өткізу шарттарын айқындау;»;

4) 6 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1), 8-1) және 13-1) тармақшалармен толықтырылсын: «1-1) кедендік әкету бажы қолданылатын тауарларды, мөлшерлемелердің шамасын және кедендік әкету баждарының қолданылу мерзімін, сондай-ақ қажет болған кезде оларды Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес есептеу тәртібін айқындайды;»;

«8-1) бөлшек саудадағы азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын бекітеді ; » ;

«13-1) Қазақстан Республикасында электрондық сауданы жүзеге асыру қағидаларын бекітеді ; » ;

5) 7-бап мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын: «7-1) бөлшек саудадағы азық-түлік тауарларының табиғи кему нормаларын әзірлейді ; » ;

6) 16-1-бап мынадай редакцияда жазылсын: «16-1 бап. Тарифтік квоталар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі халықаралық сауданы дамытуға жәрдемдесу мақсатында :

1) Қазақстан Республикасының аумағында ауыл шаруашылық өнімдерін тұтынудың қажетті көлемін қамтамасыз ету мақсатында ауыл шаруашылық тауарларын әкелуге арналған тарифтік квоталарды белгілейді;

2) белгілі бір уақыт кезеңінде белгілі бір тауарлар санын басымдықпен әкету мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге арналған тарифтік квоталарды белгілейді;

3) тарифтік квотаны бөлу әдісін, оның тәртібін, көлемі мен қолданылу мерзімін айқындайды .

2. Тарифтік квоталарды сыртқы сауда қызметінің қатысушылары арасында бөлуді уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады .

Әкелінуіне және (немесе) әкетілуіне қатысты тарифтік квоталар қолданылатын тауарларға квотаішілік кедендік баж мөлшерлемелері мен квотадан тыс кедендік баж мөлшерлемелерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді не Қазақстан

Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.

Қазақстан Республикасының аумағына тауарларды Тарифтік квоталар шеңберінде әкелу және (немесе) әкету уәкілетті орган беретін лицензия негізінде жүзеге асырылады.

Экспортқа және импортқа лицензия беру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес белгіленеді.»;

7) 17, 18-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«17-бап. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу

1. Сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу шараларына:

1) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына тыйым салу;

2) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортын және (немесе) импортын сан жағынан шектеу;

3) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық беру;

4) экспорт және импорт саласындағы лицензиялау;

5) тауарлардың жекелеген түрлерін автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) жатады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген тарифтік емес реттеу шаралары Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қолданылады.

18-бап. Жекелеген тауарларды әкетуге және (немесе) әкелуге салынатын тыйымдар мен сан жағынан шектеулер

Тауарлардың экспорты мен импорты осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, сан жағынан шектеулерді (квоталарды) қолданбастан жүзеге асырылады.

Айрықша жағдайларда:

1) егер:

ұқсас отандық тауардың өндірісін немесе сатылуын қысқарту;

егер ұқсас отандық тауардың елеулі өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастыруға болатын отандық тауардың өндірісін немесе сатылуын қысқарту;

ұқсас отандық тауардың уақытша артық бөлігін тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық құнынан төмен бағаға беру жолымен осы артық бөлігін нарықтан алып тастау;

егер ұқсас отандық тауардың елеулі өндірісі болмаса, импорттық тауармен тікелей алмастыруға болатын отандық тауардың уақытша артық бөлігін тұтынушылардың кейбір топтарына тегін немесе нарықтық құнынан төмен бағамен беру жолымен осы артық бөлігін нарықтан алып тастау;

егер ұқсас отандық тауарды өндіру мардымсыз болып табылатын болтын, өндірісі толығымен немесе негізінен импортталатын тауарға тәуелді болса, жануарлардан алынатын өнімдер шығаруды шектеу қажет болса, кез келген түрде әкелінетін су биологиялық ресурстарының импортына сан жағынан ішкі нарықтағы шектеулер

б е л г і л е н у і

м ү м к і н ;

2) ішкі нарық үшін айтарлықтай маңызды болып табылатын азық-түлік немесе өзге де тауарлардың ішкі нарықтағы өте көп жетіспеуін болдырмау немесе азайту үшін жекелеген тауарларды әкетуге тыйым салуды және сан жағынан шектеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі енгізеді.

Уәкілетті органның тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге тыйым салуды және сан жағынан шектеуді қолдану қажеттігі туралы қорытындысында:

Сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес тауардың атауы мен оның коды ;

өңірдегі тауарлық қалдықтарды, олар бар болған кездегі мемлекеттік резервтерді, өндіріс көлемдерін, импортты, экспортты және тұтынуды талдауға негізделген, жекелеген тауарды әкетуге тыйым салуды және сан жағынан шектеуді енгізу қажеттігін растайтын ақпарат ;

тауарларды берушілер туралы мәліметтер, тауарлардың сәйкестендіру белгілері, тасымалдаудың белгілі тәсілдері, әкетуге тыйым салуды және сан жағынан шектеуді енгізу ұсынылатын тауарды анықтауға мүмкіндік беретін өзге де ақпарат;

тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуге сан жағынан шектеу енгізу үшін квота мөлшері қамтылуға тиіс .

Тауарлардың жекелеген түрлерін әкетуді және (немесе) әкелуді сан жағынан шектеулерді бөлуді Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

2. Сыртқы сауда қызметін жүзеге асыруға тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық беру жолымен шектеу салынуы мүмкін .

Экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық берілетін тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Экспортына және (немесе) импортына айрықша құқық енгізілетін тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортын және (немесе) импортын жүзеге асыруға арналған лицензиялар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған сауда қызметінің субъектілеріне беріледі, олар кемсітпеушілік және адал коммерциялық практика қағидаттары негізінде тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импорты бойынша операцияларды жасауға міндетті.

3. Экспорт және импорт саласындағы лицензиялау мынадай:

1) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына немесе импортына уақытша сан жағынан шектеулер енгізілген ;

2) мемлекет қауіпсіздігіне, азаматтардың өміріне немесе денсаулығына, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне, мемлекеттік мүлікке, қоршаған ортаға, жануарлардың тіршілік етуіне және өсімдіктердің өсуіне қолайсыз әсер етуі мүмкін тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына рұқсат беру тәртібі іске асырылған ;

3) тауарлардың жекелеген түрлерінің экспортына және (немесе) импортына а й р ы қ ш а қ ұ қ ы қ б е р і л г е н ;

4) халықаралық міндеттемелер орындалған жағдайларда белгіленеді.

4. Тауарлардың жекелеген түрлерінің экспорты және (немесе) импорты серпінін мониторингтеу мақсатында автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізіледі.

Автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) енгізілетін тауарларды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

Автоматты түрде лицензиялау (қадағалау) берілу тәртібі Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес белгіленетін рұқсат негізінде жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

9) 18-1-бап алып тасталсын ;

10) мынадай мазмұндағы 18-2, 18-3, 18-4-баптармен толықтырылсын:

«18-2 бап. Тауарлардың сыртқы саудасын қозғайтын және ұлттық мүдделерді ескере отырып енгізілетін шаралар

1. Егер бұл шаралар :

1) құқықтық тәртіпті сақтау үшін қажет ;

2) азаматтардың өмірін немесе денсаулығын, қоршаған ортаны, жануарлардың тіршілігін немесе саулығын және өсімдіктерді қорғау үшін қажет ;

3) алтын немесе күміс экспортына және (немесе) импортына қатысты ;

4) мәдени құндылықтар мен мәдени мұраларды қорғау үшін қолданылатын ;

5) орны толмайтын табиғи ресурстардың сарқылуын болдырмау үшін қажет және орны толмайтын табиғи ресурстарды пайдалануға байланысты ішкі өндіруді немесе тұтынуды шектеумен бір уақытта жүргізілетін ;

6) экспортын осындай материалдармен ішкі өңдеуші өнеркәсіпті отандық материалдардың жеткілікті көлемімен осындай материалдарға ішкі баға жүзеге асырылған тұрақтандыру жоспарының нәтижесіндегі әлемдік бағаға қарағанда неғұрлым төмен деңгейде тұрған кезеңдер ішінде қамтамасыз ету үшін шектеумен б а й л а н ы с т ы ;

7) олардың жалпы немесе жергілікті тапшылығы кезінде тауарларды сатып алу немесе т а р а т у ү ш і н қ а ж е т ;

8) халықаралық міндеттемелерді орындау үшін қажет ;

9) қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қажет ;

10) кедендік заңнаманы қолдануға, қоршаған ортаны қорғауға, зияткерлік меншікті және өзге құқықтық актілерді қорғауға қатысты халықаралық міндеттемелерге сәйкес нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ету үшін қажет болса, ұлттық мүдделерді ескере отырып, тарифтік емес реттеудің уақытша шаралары енгізілуі м ү м к і н .

2. Егер осы баптың 1-тармағында көзделген шараларды жүзеге асыру тәсілі үшінші елдерді өз бетімен немесе негізделмеген кемсіту, сондай-ақ тауарлардың сыртқы

саудасын жасырын шектеу құралы болып табылса, олар қабылданбауға немесе қолданылмауға тиіс.

3. Уақытша тарифтік емес шараларды қолдану туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес қабылдайды.

18-3 бап. Тауарлардың сыртқы саудасына тыйым салу мен шектеудің ерекше түрлері

1. Тауарлардың сыртқы саудасы қабылдануы Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес халықаралық санкцияларға қатысу үшін қажетті шаралармен, оның ішінде осы Заңның 18-бабы 1 және 2-тармақтарының ережелерінен алшақ шаралармен шектелуі мүмкін.

2. Сыртқы қаржылық жағдайды қорғау және төлемдік теңгерімнің тепе-теңдігін қолдау мақсатында тауарлардың сыртқы саудасын шектеу шаралары, оның ішінде осы Заңның 18-бабының 1 және 2-тармақтарының ережелерінен алшақ шаралар енгізілуі мүмкін.

18-4 бап. Қарсы шаралар
1. Егер шет мемлекет:

1) халықаралық шарттар бойынша Қазақстан Республикасына қатысты өздері қабылдаған міндеттемелерін орындамаған жағдайда;

2) Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделерін бұзатын шаралар қабылдаған жағдайда, оның ішінде шет мемлекет нарығына қазақстандық тауарлардың кіруіне негізсіз жол бермесе немесе оларға басқа түрде негізсіз кемсітушілік жасаған жағдайда, Қазақстан Республикасының Үкіметі қарсы шаралар енгізуге құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы баптың бірінші тармағында көзделген, Қазақстан Республикасының мүдделерін тиімді қорғау үшін халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған қағидаттары мен нормаларына сәйкес қажетті қарсы шараларды енгізуге құқығы бар.»;

11) 19, 20 және 21-баптар алып тасталсын;

12) 29-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«29-бап. Электрондық сауда

1. Электрондық сауда – тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізу бойынша телекоммуникациялық желілер арқылы жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызмет.

2. Электрондық саудаға қатысушылардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғау тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Электрондық сауданы жүзеге асыру тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес айқындалады.»;

13) мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

«29-1 бап. Электрондық сауданы жүзеге асыру

1. Өз атынан электрондық нысандағы офертаны жіберетін сатушы электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде:

1) осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында белгіленген міндетті ақпаратты офертаға енгізуге;

2) электрондық мәмілені жасасу тәртібі туралы ақпаратты ұсынуға;

3) Қазақстан Республикасының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнамасына сәйкес шот-фактураны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына сәйкес бастапқы есепке алу құжаттарын қағаз және (немесе) электрондық түрде беруге міндетті.

2. Электрондық мәміле тараптарының қаржылық есеп айырысуы электрондық төлем жүйелерінің операторлары арқылы жүргізілуі мүмкін.

3. Электрондық құжаттардың мазмұнын электрондық сауда делдалының өзгертуіне болмайды.

4. Сатушы электрондық сауданы жүзеге асыру кезінде, оның ішінде электрондық сауда делдалы арқылы электрондық ақпараттық ресурстарды сақтауды ұйымдастырады.

5. Сатушы туралы ақпарат Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқығын қорғау туралы заңнамасына сәйкес ұсынылады.»;

14) 32-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

«4-1) Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдардың мұқтаждықтары үшін сатудан басқа, Қарулы Күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың әскери қызметшілерінің, құқық қорғау органдары мен арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің әскери, нысанды және арнаулы киім-кешегінің заттарына, айырым белгілеріне жататын тауарларды;».

3. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат; 2014 ж., № 1, 4, 9-құжаттар):

1) 1 - б а п т а :

3) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«3) биржалық сауда – тауар биржасында биржалық сауда-саттықты электрондық нысанда жүргізу, мәмілелерді тіркеу және ресімдеу арқылы жүзеге асырылатын биржалық тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;»;

«5) биржалық сауда-саттық – биржалық мәмілелер жасасу процесінің өзін автоматтандыруды қамтамасыз ететін электрондық сауда жүйесіне берілген

электрондық өтінімдердің негізінде биржалық мәмілелер жасасатын биржалық брокерлердің (биржалық дилерлердің) авторландырылған трейдерлері қатысатын биржалық тауарлар бойынша мәмілелер жасауға бағытталған биржалық сауда қағидалары шеңберінде жүргізілетін процесс;»;

21) тармақша алып тасталсын;

2) 4-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«4-2-бап. Биржалық тауарлар тізбесіне кірген тауарларды өткізу

Биржалық саудаға қатысушылар биржалық тауарлар тізбесіне кірген өзінің тоқсан сайынғы жалпы биржалық тауарлары айналымының кемінде он бес пайызын қосарланған қарсы аукцион режимінде өткізуді қамтамасыз етуге міндетті.»;

3) 13-1-баптың 4-тармағы алып тасталсын;

4) мынадай мазмұндағы 13-2-баппен толықтырылсын:

«13-2-бап. Тауар биржасының құқықтары мен міндеттері

1. Тауар биржасы:

1) биржалық сауда-саттықты өзі өткізетін сауда режимдерін айқындауға;

2) фьючерстермен, опциондармен биржалық сауда-саттықты өткізуге;

3) тауар биржасы мүшелерінен алынатын төлемдердің мөлшерін айқындауға;

4) Қазақстан Республикасының тауарлық биржа қызметі туралы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды іске асыруға құқылы.

2. Тауар биржасы:

1) Қазақстан Республикасының тауарлық биржа қызметі туралы заңнамасын сақтауға;

2) биржалық сауда-саттықты Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген міндетті талаптарға сай келетін электрондық сауда жүйесін пайдалану арқылы өткізуге;

3) өзінің интернет-ресурсын иеленуге;

4) коммерциялық құпияны жария етпеуге;

5) әр сауда күнінің қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімде сауда-саттықтың нәтижелерін өз интернет-ресурсында жариялауға;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген мерзімде және нысан бойынша уәкілетті органға есептілікті ұсынуға міндетті.».

2-бап. Осы Заң алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті